ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ

«№8 Г.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Мектеп әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары

2022 - 2023 ОҚУ ЖЫЛЫ



Бекітемін
Мектеп директоры ______ Ф.[illegible]
26.08.2022 ж.

Мектеп әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары

МАҚСАТЫ: ағымдағы оқу жылына әдістемелік жұмыстың міндеттерін жүзеге асыру

| № | Қаралатын мәселелер | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| I - отырыс | 1. Мектептің 2021 - 2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жүргізу.<br><br>2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу - тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Бірлестік жетекшілерді тағайындау . Әдістемелік бірлестіктің тақырыбын бекіту. Тәлімгерлікті ұйымдастыру<br><br>3. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу барысы. Сынып жетекшілері, пән апталықтарын өткізу жоспарын, кабинет меңгерушілерін тағайындау; ДОІЖО<br><br>4. Үйден оқыту бойынша оқу жоспары, сабақ кестесі т.б. жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы. ДОІЖО<br><br>5. Әр түрлі мәселелер | 26.08.2022 ж | Бірлестік жетекшілері<br><br>ДОІЖО<br><br>ДОІЖО<br><br>ДОІЖО |
| 2 -отырыс | 1. I тоқсан нәтижесі және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалу қорытындысы.<br><br>2. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылу жағдайы.<br><br>3. Педагог кадрларды аттестаттау барысы, біліктілік курстарынан өтудің даму жоспары туралы<br><br>4. Мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың мектепке бейімделуі<br><br>5. «Күнделік» электронды журналының жүргізілуі<br><br>6. Әр түрлі мәселелер | 04.11.2022ж | ДОІЖО,<br><br>Әлеуметтік педагог<br><br>ДОІЖО<br><br>ДТЖО<br><br>ДОІЖО |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 - отырыс | 1. 2-тоқсан қорытындысы, білім сапасы, бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары туралы. ДОІЖО<br><br>2.«I жартыжылдықтағы мектеп әдістемелік жұмысының нәтижелері» жұмысын талдау, мониторинг жүргізу<br><br>*Белсенді сабақты жоспарлау неден басталады ? Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Алесова<br>*Орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша 2022-2023 оқу жылының I-жарты жылдық қорытындысы БЖ Г. Смаилова<br>*Бастауш сыныптар бойынша 2022-2023 оқу жылының I-жарты жылдық қорытындысы Бастауыш сынып БЖ: Г.Сарсенова<br><br>3.Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі.<br><br>4.Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы | 06.01.2023ж | ДОІЖО.<br><br>Бірлестік жетекшілері.<br><br>Пән мұғалімі<br><br>ДОІЖО. |
| 4 - отырыс | 1. III тоқсан бойынша оқу үлгерімін талдау. Негізгі жалпы орта мектеп, жалпы орта мектеп бітірушілердің емтиханға дайындық жұмыстары<br><br>2. LESSON STUDY. Сабақты зерттеу .Топтық жұмысты ұйымдастыру жолдары және оның тиімділігі<br><br>3. ББЖМ – ға дайындық (4 пен 9 сыныптар ) жұмыстарының есебі<br><br>4. , 1-4 сыныптарда математика ,қазақ тілі,өзбек тілі және жаратылыстану пәнінің берілу жағдайы, бақылау үзігін алу есебі | 24.03. 2023ж | ОІЖО<br>Бірлестік. жетекшілері<br><br>Шығармашылық топ<br>БЖ, ОІЖО,пән мұғалімдері<br><br>Бірлестік жетекшілері, пән мұғалімдері, ОІЖО |
| 5 - отырыс | 1.Әдістемелік жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп.<br><br>2.2023-2024 оқу жылына арналған мектептің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған курстық жүйенің қорытындысын шығару.<br><br>3.ЖММБС, ӘК өткен жылғы жұмысын талдау<br><br>4.2023-2024 оқу жылына арналған мектептің әдістемелік жұмыс жоспарының жобасын талқылау.<br><br>5. ҰБТ -ға дайындық мақсатында 11 -сыныпта физика, математика, химия, биология, география сабақтарында жалпылама қайталауды ұйымдастыру. | 31.05. 2023ж | Бірлестік жетекшілері<br><br>ДӘІЖО<br><br>ДОІЖО<br><br>Пән мұғалімі |

№ 8 І.Бекманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ
26 тамыз 2022 жылғы әдістемелік кеңес
№ 1 хаттамасы

Қатысқаны : 130
Себепті : 3

КҮН ТӘРТІБІ

**1**. Мектептің 2021 - 2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жүргізу *ӘБ жетекшілері*
**2**. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Бірлестік жетекшілерді тағайындау, Әдістемелік бірлестіктің тақырыбын бекіту. Тәлімгерлікті ұйымдастыру *ДОІЖО*
**3**. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу барысы. *Сынып жетекшілері, пән апталықтарын* өткізу жоспарын, кабинет меңгерушілерін тағайындау: *ДОІЖО*
**4**. Үйден оқыту бойынша оқу жоспары, сабақ кестесі т.б. жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы. *ДОІЖО*
**5**. Әр түрлі мәселелер

**ТЫҢДАЛДЫ:**
Р.Наурызбаева – директордың оқу ісі орынбасары: Әдістемелік кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды.

**СӨЙЛЕГЕНДЕР:**
Бірінші мәселе бойынша мектептің ӘБ жетекшілері сөз алды:
**1)** .Орыс тілі және әдебиеті пәнінің бірлестік жетекшісі Г.Смаилова сөз алды, орыс тілі және әдебиеті пән бірлестігі 2021-2022 оқу жылында жұмыс жоспарын мемлекеттік стандарт негізінде бағдарламаға сәйкес күнтізбелік жоспар қарастырып бекітілген,Әдістемелік бірлестік ақырыбы. :«Развитие профессиональной компетентности педагога как фактор повышения качества образования в условиях развития новой образовательной технологий» Мақсаты : «Совершенствование педагогическогомастерства в условиях новой образовательной путем внедрения в учебно-воспитательный процесс современной технологий» «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Көп тіл білу біздің мемлекетіміздің халықаралық байланысының негізі.
Орыс тілі пән бірлестігінде он мұғалім бар. Оның біреуі педагог-зерттеуші, екеуі педагог-сарапшы,төртеуі педагог-модератор,бір мұғалім екінші санатты, қалғаны екі жас маман- мұғалім санатсыз.Барлығы жоғары білімді, білім жетілдіру курстарынан, аттестациядан өз уақытында өткен. Мамыр айында өткен аудандық «Пушкин оқулары» байқауына мектебімізден оқушылар қатысып, жүлделі 2-орынды 8 «А» сынып оқушысы К. Әшірбек иеленді. Ал,4 «А» сынып оқушысы А.Акимова Алғыс хатқа ие болды. Оқу жылының қорытындысында білім сапасы 2-11 сыныптар арасында орташа балл 3,8%, ал білім сапасы 60% құрады.

**2)**. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бірлестік жетекшісі Ф.Тажиева сөз алды, ол Тіл туралы Заңның қабылданғанына, 5 қыркүйек - Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесіне орай, мектепішілік №143 бұйрығы шығып, «Тілдерді қолдану мен дамыту» атты тіл апталығы өткізілді. Іс-шара түзіліп, түрлі сайыстар мен байқаулар ұйымдастырылды. Бір апталық іс-шара 6-10 қыркүйек аралығында өтті. 7 қыркүйек күні, үш бірлестіктің ұйымдастыруымен (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) 5,6,7-сынып оқушылары арасында «Тілге құрмет - елге құрмет» атты көңілді тапқырлар сайысы өткізілді. Пән мұғалімдері – Г.Аленова, А.Жоракулова және М.Әнуарбек. Қызықты әрі тартысты өткен сайыста 6-сынып оқушылары жеңіске жетті. 8-қыркүйек күні, Ө.Найманбаева, Б.Аширбаев,. Б.Беккұлов,Ш.Смаиловалар 5-8 сынып оқушылары арасында «Бабамның тілі ұрпағына аманат» деген айдармен мәнерлеп оқу сайысын ұйымдастырды. Оқушылар сайыс барысында тіл туралы ақындардың өлеңдерін нақышына келтіріп, жатқа айтып берді. Нәтижесінде, ұйымдастырушылардың үйғаруымен 8 «А» сынып оқушысы – Балтабай Нұрдидар үздік деп танылды.
9-қыркүйек күні, «Астана – бейбітшілік бесігі» тақырыбында диктанттар байқауы ұйымдастырылды.

7,8,9-сынып оқушылары қатысқан байқауда 9 «А» сынып оқушысы – Усманова Акмар... жазған диктанты сауатты әрі ұқыпты деп танылды. Оқушылар арасында ғылыми жобада ... бас жүлдені иемденген 8 « А»оқушы жұмысы облысқа лайық деп танылып, облысқа жолдама ... Жетекшісі Найманбаева Ө. Ауданда ұйымдастырылған «Мағжан оқулары» мәнерлеп оқуда 7 ... сынып оқушысы Нормаматова Рухшона Алғыс хатпен марапатталды.

. Ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай Г. Аленова мен Ф.Тажиева «Өлсе өлер М.Мақатаев, өлтіре алмас ажалда өлеңді енкім» тақырыбында әдеби сазды кеш ұйымдастырылды. Кеште 4-11 сынып оқушылары бірінен-бірі жарыса ақынның өлеңдерін жатқа айтты. Атап айтар болсақ, бастауыш сыныптардан Тұрсынәлі Ерасыл, Тұрсынәлі Нұрасыл, Суннатилла М, дайындық тобынан кішкентай бүлдіршін Әбубәкір Алинур ақын өлеңдерін нақышына келтіре, мәнерлеп жатқа айтып, тыңдармандарды тәнті етті. Ақынның сөзіне жазылған жем әндерді Жасұлан Ө. күйкылжыта орындады. Думан залда тамашалаған мектеп ұстаздары мен оқушылар дем алып, жақсы көңіл-күйде қайтты. М.Мақатаев атамыздың шығармашылығына арналған «Ақынмен тілдесу» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Аталмыш іс-шараға 8-11 сынып оқушылары қатысты.

«Жыр жүйрігі – Мұқағали Мақатаев» атты көрме және кітап бұрышы ұйымдастырылды .

14.02-18.02 аралығында қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ашық сабақтар шеруі» атты пән апталығы өткізілді. Мектепішілік №126 санды бұйрығы шығып, атқарылатын жұмыстардың іс-жоспары түзілді.

14-ақпан күні, бірлестік мүшелерінің түгел қатысуымен апталық салтанатты түрде ашылды. Атқарылатын іс-шаралармен танысты. Бірлестік мүшелері сабақ өтуде өз шеберліктерін жоғары деңгейде көрсетті. Әріптестер бір біріне қолдау көрсетіп, ұйымшылдық пен ауызбіршіліктің арқасында апталық қызықты, мазмұнды өтті. Әрбір өтілген сабақтан алатын керекті мәліметтер көп болды.Өсерова Р, Найманбаева Ө,Аленова Г, Есенбаева Б, Бекқұлов Б, Атымтаев Д, Салықбаева З әріптестердің сабақтары жан жақты қызықты, жоғары деңгейде өтілді деп бағаланды. Жас та болса, өз әрекеттері мен белсенділіктерімен көзге түскен жас мамандар Ж.Джусипбекова мен А.Мархабаевтың еңбектерін ескеріп кетті. Аудандық тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткізілген мәнерлеп оқуға белсене қатысқаны үшін Мархабаев А бағалы сыйлықтар мен алғыс хатпен марапатталды.Өсерова Р апайдың 9 «А» сынып оқушысы Дүйсебек Муслима аудандық ғылыми жобада үшінші орынды иемденіп, мектебіміздің қоржынын тағы бір мақтау қағазымен толықтырғанын айтып өтті

3). Келесі сөзді «өзбек тілі және әдебиеті» әдіс бірлестік жетекшісі Дустанова Рабия Камчибековна алды. Ол мектепте 2021-2022 оқу жылында өзбек тілі және әдебиеті пәнінен 5 мұғалім сабақ беретінін. Мұғалімдер туралы толық мәлімет кестесі ұсынылады.Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша:Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары бойынша мұғалімдер мерзімінде білім арттыру және білім жетілдіру курстарынан өткен.2021-2022 оқу жылындағы пән мұғалімдерінің сапалық құрамы: 1-педагог шебер, 2 – педагог зерттеуші, 1 – педагог сарапшы; санаты жоқ мұғалімдер -2. Солардан жас маман-1.

Әдістемелік бірлестіктің тақырыбы: *«Халықтық педагогикамен үндесіп жан-жақты дамыған отаншыл тұлғаны қалыптастыру»,* 2021-2022 оқу жылында әдістемелік бірлестіктің жаңа оқу жылына белгіленген жоспарына сай озат оқытушы Г. Яхшибаеваның озық тәжірибелері зерттелінді және жинақталды, тарату жұмыстары қолға алынды. Шығармашыл ұстаз Дустанова Рабия апайдың қазақтың ақиық ақыны М.Мақатаев өлеңдерінің өзбек тіліне аудармасы «Мени эсга оларсан» аударма кітабі жарық көрді. Ұстаз Халықаралық Миртемир сыйлығы және «Достық» медальдарымен марапатталды.Ашық сабақтар мен бақылау, сарамандық жұмыстардың кестесі жасалды. Пән апталықтарының кестесі жасалынды. 2021 жыл желтоқсан айында мектепішілік оқушылар пән олимпиадасы өткізілді. Бараталиева Муаззам 9-г сынып, Курбонбаева Рухшона 10-б сынып, Каримқулова Феруза 11- сынып оқушылары аудан олимпиадасында қатысып, бірінші орынға ие болды және облыстық олимпиадада белсене қатысты.2021 жыл мұғалімдер пән олимпиадасында Алтыбаева Феруза жүлделі 3-орынды иеленд. 2022 жыл қаңтар айында мектебімізде өзбек әдебиетінің әйгілі жазушысы және ақыны Наваиның туылған күніне арналған үлкен іс-шара өткізілді. «Ең үздік оқырман» байқауы өткізіліп, белсене қатысқан оқушылар марапатталды,оларға сыйлықтар берілді. 2021-2022 оқу жылында жас маман Алчинова Мубарайхон

...лыстық жеелер байқауында жүлделі 1 орынды иеленді. Облыстық Дипломмен марапатталды. 2021-2022 оқу жылы қорытындысы бойынша оқушылардың өзбек тілі пәнінен орташа білім сапасы 51 %, үлгерімі 100 % -ті құрайды. Қабілетті оқушылармен жұмыс жүргізуде бірақ жылдық жоспарда белгіленген іс шаралар толық орындалды деп айтуға болмайды. Пән мұғалімдері жаңа педагогикалық әдістер, технология элементтерін сабақ барысында жеткілікті пайдаланады деп болмайды. Қабілетті оқушылармен және оқу үлгерімі төмен оқушылармен алып барылатын жұмыстар қанағаттанарлық емес. Сыныптан тыс жұмыстарға жеткілікті көңіл бөлінген жоқ.

Мектепте өзбек тілі және әдебиеті пәнінің арнайы 1 кабинеті бар. Кестелер, сызбалар, бүктемелер, тест жинақтары, кеспе қағаздар, кітап және журналдар, дидактикалық материалдар біраз жинақталған, бірақ толықтыруды қажет етеді. Өзбек әдебиеті пәнін оқыту бойынша кабинет жабдықтау, қабырға көрнекіліктерін көбейту керек, кабинет таны гүлдендіруді талап етеді. Жаңа 2022-2023 оқу жылында әдіс бірлестікте атқарылатын бір талай оқу - тәрбиелік жұмыстар жоспарланды.

**4).** Келесі сөз кезегі бастауыш сынып әдіс бірлестігінің 2021-2022 оқу жылының II-жарты жылдық есебі бойынша директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі орынбасары К.Мұстафаева сөз сөйледі.Сынып жетекшілердің берген мәліметі бойынша бастауыш сыныптардың оқу үлгерімі 100%пайыз, сапасы 59% ,орташа 3,9балды көрсетіп отыр.Бастауыш сыныптар бойынша 2-4-сыныптар бойынша 312 оқушы білім алуда.Солардың 45–үздік оқушылар,120 –ы жақсы оқитындар,147 -қанағаттанарлы оқитын оқушылар болып есептелінді.Осы арада бір сыныптан 7-8 -оқушыдан үздіклер шығып отыр ,сол сынып жетекшілеріне алғыс айтамыз.

Келесі мәселе бойынша әдіс бірлестік жетекшісі Г.Сарсенова сөз сөйледі,пән апталықта пәнын өткізілу барысы мен мұғалімдердің қатысуы жайлы айтып өтті.I -жарты жылдықта математика және еңбек апталықтары, «Тіл мерекесі», «Ұстаздар мерекесі» «Алтын күз»,«Тәуелсіздік мерекесі»атап өтілді. Тіл мерекесінде мектепте екі ұлтың басын қосып мерекелік кеш өткізілді. Ұстаздар мерекесіде өз деңгейінде болды. Тәуелсіздік мерекесіне арнап түрлі тәрбие сағаттар өткізілді.Тәрбие жұмыстарынан бөлек пән апталықтары жүргізілді.Мұғалімдер белсенді қатысты.Математика және сурет,еңбек апталықтары өткізілді. Мұғалімдер арасынан Ж.Мамытова ,Г.Селтаева, З.Бекмуратова, Р.Токболатова , С.Дүйсенбаева -лар ерекше атап өтілді.ТЖБ өз деңгейінде алынды сынып жетекшілер өз уақытында тапсырды.Мұғалімдер берген нәтижеге сүйене айтсақ көрсеткіш жақсы болып отыр.Сынып жетекшілер мен қатар пән мұғалімдеріде өз дәрежесінде ТЖБ жұмыстарын алды. Бастауыш сыныптар бойынша 2021-2022 оқу жылында 36 мұғалім болса, соның 5-еуі жастар ,біз жас мұғалімдер жұмыс жасау жоспарын түзіп бекіткен едік,сол жоспарға сай жас мамандармен жұмыс жүргізіліп жатыр.Әрбір жам маманды білікті тәжірібелі мұғалімдерге бекітілген.Сол мұғалімдердың сабағына қатысу,солардан ақыл кеңес алу керектігі айтылған .Сонымен қатар апталықтар да жас мамандарды белсенді сабаққа қатысуын белгілеп ,қадағалап отырмыз. Тәрбие жұмыстары бойынша бастауыш сыныптардың жетекшісі Ж.Мамытова сөз сөйледі,елеміздің Тәуелсіздік мерекесін тойлауы,оны сыныптарды атап өтілуі жайлы мәлімет берді.Әрбір патриот адам өз еліне деген құрметін,сүйіспеншілігінІстеген жұмысы,өткізген тәрбие сағатымен дәлелдеп берді.Соладың арасынан Р.Токболатова,З.Бекмуратова ,Г.Селтаева,А.Турдыбаева,С.Дүйсенбаевалардың жұмыстары өз деңгейінде болып өтті

**2**. Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Наурызбаева сөз «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». ,Бірлестік жетекшілерді тағайындау , арналған оқу жұмыс жоспарын бекіту, білім алушылардың сабақ режимін тағайындау жайында, ол өз сөзінде

✓ Үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту

✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайтынын, *Бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117 , демалыс және мереке күндері - 75 күн, оқу күндері-173 Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн*

✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер:
- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері,
- қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады

Өзбек тілдерінде оқытатын 1 сыныпқа арналған
Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:
- «Қазақ тілі», «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Орыс тілі» және «Шет тілі» пәндері алынып тасталды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Таңбаға баулу» және «Бейнелеу өнері».

**2-11 сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут.**

**Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш**
сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен
гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

***Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде жалпы білім беретін мектептерде қабылдау емтихандарын, тестілеуді өткізуге жол берілмейді.***

***1.2. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері***

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу
жоспарларына (бұдан әрі - ҮОЖ) сәйкес жүргізіледі (өзгерістер мен толықтырулармен).
2022 – 2023 оқу жылында оқу жоспары жайында

**Бастауыш сыныптар 1- 4 қазақ сыныптар:**
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 1 – қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылатынын айтып өтті.

**Бастауыш сыныптар 1- 4 өзбек сыныптар:**
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 3 – қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 3- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылатынын айтып өтті..

**Бастауыш үйден оқыту :** 1 сынып ( бір оқушы) және 3 сынып (бір оқушы)
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 4 – қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4- қосымша
10 және 11 – тарау мен бекітілген оқу жоспарымен оқытылсын.
Психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған 1,2,3,4 сыныптар 6- тараумен бекітілген оқу
жоспарымен оқытылатынын айтып өтті.

**Негізгі орта білім беру 5 - 9 қазақ сыныптар:**
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 6 – қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылатынын айтып өтті.

**Негізгі орта білім беру 5 - 9 өзбек сыныптар:**
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 8 – қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 8- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылатынын айтып өтті.

**Негізгі орта білім беру үйден оқыту** 5 сынып (бір оқушы ) және 6 сынып (бір оқушы )
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 55– қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 55- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылатынын айтып өтті.

**Жалпы орта білім беру 10 - 11 қазақ сыныптар** жаратылыстану -математикалық бағыт
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 65 бұйрығына 86– қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылады.

**Жалпы орта білім беру 10 - 11 өзбек сыныптар** жаратылыстану -математикалық бағыт
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 90– қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 90- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылатынын айтып өтті.

**Жалпы орта білім беру 10 - 11 өзбек сыныптар** қоғамдық –гуманитарлық бағыт
ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жыл 12 тамыз № 365 бұйрығына 89– қосымша.
ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жыл 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 89- қосымша мен
бекітілген оқу жоспарымен оқытылатын болады.

✓ 5-11-сыныптар аралығында «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсын оқытуды жалғастыру

«Жаһандық құзыреттер» таңдау курстарын «Өзін-өзі тану» пәнінен сабақ беріп келген тарих пәнінің мұғалімдеріне аптасына 0,5 жүктемемен бөлініп берілді
5 сыныптар «Парасаттылық және этика»
6 сыныптар «Азаматтық және патриотизм»
7 сыныптар « Тіршілік қауіпсіздігі»
8 сыныптар « Экологиялық мәдениет»
9 сыныптар «Зайырлылық және дінтану негіздері»
10-11 сыныптар «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері»
1- 4 қазақ сыныптар

Вариативтік компонент: «Көркем жазу», «тіл дамыту», «Математика және логика»

1 сынып психологиялық дамуы тежелген оқушыларға арналған

Вариативтік компонент: «Көркем жазу», «тіл дамыту», «Математика және логика» аптасына 1 сағаттан бөлініп берілді

✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру

✓ Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет.

✓ Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады.

✓ Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журналда көрсетіледі.

✓ Электрондық журналдар мен күнделіктерді толықтыру бойынша техникалық қолдау қол-центр, қолдау қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Әдіс бірлестік жетекшісі етіп бекітілуге ұсыныс

1. Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен – Ф.Тажиев
2. Орыс тілі және әдебиеті пәнінен – Смаилова Г
3. Өзбек тілі және әдебиеті пәнінен – Дустанова Р.
4. Математика – Мусаева А
5. Бастауыш – Сарсенова Г.
6. Технология – Раджапова А
7. Д/ш. АӘД – Раджапов Б
8. Тарих-География – Есимова Ж
9. Химия-биология, Физика – Айымбетова А. Юлдашев Р.
10. Ағылшын тілі- Жанкулова З.
11. Бастауыш сыныптар бойынша – Сарсенова Г

Жас маманға жан - жақты әдістемелік көмек көрсету мақсатында тәлімгер етіп төмендегі пән мұғалімдері төмендегі кестеде көрсетілгендей бекітілуге ұсынылды

| № | Тәлімгерлердің аты-жөні,тегі | Тәлімгерлердің лауазымы (қазақ/өзбек сыныбы), санаты | Тәлімгерлердің жұмыс өтілі | Тәлімгер лесағат жүкт | Жас маманның аты-жөні,тегі | лауазымы(қаза қ/өзбек сыныбы) | Жас маман сағат жүкте |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Орманов Нурсейт Мухтарович | Дене шынықтыру, сарапшы | 29 жыл | 12 | Абдиев Сейтқали Калибаевич | Дене шынықтыру | 9 |
| 2 | Бегалиева Гулбахар | Бастауыш сынып, зерттеуші | 29 жыл | 16 | АйнабаеваАрзыгул Кучкаровна | Бастауыш | 11 |
| 3 | Смайлов Сатыбалды | Ағылшын тілі, зерттеуші | 36 жыл | 16 | Аманбаев Елдор Мухамадалиевич | Ағылшын тілі | 11 |
| 4 | Адиханбаева Муаттар | Химия, зерттеуші | 10 жыл | 18 | Бекболат Шыңғыс | Химия | 16 |
| 5 | Тажиева Феруза Илесовна | Қазақ тілі мен әдеби ,зерттеуші | 30 жыл | 17 | Джусипбекова Жансулу | Қазақ тілі мен әдеб. | 16 |
| 6 | Джусабекова Жамал | Орыс тілі мен әдеб ,зерттеуші | 41 жыл | 19 | Жақып Бекзат Сулайманұлы | Орыс тілі мен әдеб. | 16 |
| 7 | Аленова Гулимхан Шакизадаевна | Қазақ тілі мен әдеби ,зерттеуші | 28 жыл | 16 | Мархабай Асқар | Қазақ тілі мен әдеб. | 16 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Мамытова Жанат Тирназаровна | Бастауыш сынып, зерттеуші | 25 жыл | 17 | Селтаева Улжалгас | бастауыш | |
| 9 | Таланова Навбахар | Бастауыш сынып, зерттеуші | 25 жыл | 16 | Егамбердиева Халима | Бастауыш | 16 |
| 10 | Селтаева Гулназ Пербековна | Бастауыш сынып, зерттеуші | 28 жыл | 16 | Кейімбет Жұмағыт Атабайкызы | Бастауыш | 10 |
| 11 | Ерназаров Ерғали Бектұрғанович | Дене шынықтыр, сарапшы | 27 жыл | 17 | Әділбек Қабыл Әділбекұлы | Дене шынықтыру | 9 |
| 12 | Жанкулова Зиила Тағабаевна | Ағылшын тілі,сарапшы | 16 жыл | 19 | Халыкова Наиба Абдиллаизқызы | Ағылшын тілі | 15 |
| 13 | Сауран Диникул | Информатика, зерттеуші | 28 жыл | 16 | Абдел Нурсултан Жаксылыкұлы | информатик | 17 |
| 14 | Бабакаланов Азиз Аллаярович | Информатика, сарапшы | 13 жыл | 16 | Юлдашев Шерзод | информатик а | 8 |
| 15 | Дустанова Робия Камчибековна | Өзбек тілі мен әдеби зерттеуші | 37 жыл | 16 | Алшинова Мубарайхон | Өзбек тілі мен әдеби | 12 |

3. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу барысы..Сынып жетекшілерін, бірлестік жетекшілерін, пән апталықтарын өткізу жоспарын, кабинет меңгерушілерін тағайындау жайында оқу ісі орынбасары А.Бегайс сөз алды Күнделік кз электрондық жураналының жүргізілу барысына тоқталып өтілді. Қазіргі таңда журналдың жургізуі жайында айта келе 4 – тоқсан соңында күнделік кз 89,72. уақытылыжүргізілуі -59,38 пайызды құрап тұр. Осы пайызды 100 пайызға жеткізу үшін кейбір мұғалімдерге ескертулер айтылып, уақытылы жүргізілуін талап етілді. 1-тоқсанға сабақ кестесі енгізілді. Әр пән мұғалімдері бірінші жарты жылдық бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарды реттеп сабақ кестесіне үйлестіру керектігі айтылды.
2022 - 2023 оқу жылында бастауыш білім негізі бойыншаа 1 – 4 ( 28 сынып ), негізгі орта білім бойынша 5 – 9 ( 21 сынып ), жалпы орта білім бойынша 10 – 11 ( 6 сынып ) сыныптарға төмендегі кестеде көрсетілген мұғалімдер сынып жетекші етіп бекітілетінін айтып өтті

| № | Мұғалімдердің аты жөні | сыныбы |
|---|---|---|
| 1 | Мамытова Жанат | 1 «А» |
| 2 | Оспанова Жанар | 1 «Ә» |
| 3 | Ибрагимова Мамура | 1 «Б» |
| 4 | Токболатова Жанат | 1 «В» |
| 5 | Селтаева Улжалгас | 1 «Г» |
| 6 | Илхамова Уғылай | 1 «Д»инк |
| 7 | Болсынбаева Камка | 1 «Е» |
| 8 | Турдыбаева Сайда | 1 «Ж» |
| 9 | Бабакаланова Малоха | 1 «З» |
| 10 | Ергешова Наргиза | 1 «И» |
| 11 | Намазбаева Анар | 1 «К» |
| 12 | Селтаева Гулназ | 2 «А» |
| 13 | Бегалиева Гулбахар | 2 «Ә» |
| 14 | Бекмуратова Зиала | 2 «Б» |
| 15 | Қапланова Меруерт | 2 «В» |
| 16 | Юлдашева Дилбар | 2 «Г» |

| № | Мұғалімдердінаты жөні | сыныбы |
|---|---|---|
| 29 | Беккулова Гулмира | 5 «А» |
| 30 | Турсункулова Лола | 5 « Б» |
| 31 | Абуова Люция | 5 «В» |
| 32 | Құлманова Зулхумар | 5 «Г» |
| 33 | Оразбаева Жібек | 6 «А» |
| 34 | Жұмабеков Бағлан | 6 «Ә» |
| 35 | Темирбаева Курсанай | 6 «Б» |
| 36 | Смаилова Гулмира | 6 «В» |
| 37 | Әблез Нурсултан | 6 «Г» |
| 38 | Тажиева Феруза | 7 «А» |
| 39 | Токболатов Шалкар | 7 «Б» |
| 40 | Жоракулова Альфия | 7 «В» |
| 41 | Турсумбаев Мухриддин | 7 «Г» |
| 42 | Самбекова Мөлдір | 8 «А» |
| 43 | Айымббетова Ақтоты | 8 «Б» |
| 44 | Аленова Гулимхан | 8 «В» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | [illegible] Паргиза | 2 «Д» инк | 45 | Худайбергенова Шадма | 8 «Г» |
| | Дүйсенбаева Сайра | 3 «А» | 46 | Найманбаева Өмиргул | 9 «А» |
| | Тұрдыбаева Алуда | 3 «Б» | 47 | Оспанова Салтанат | 9 «Б» |
| 20 | Талапова Наувахар | 3 «В» | 48 | Оразбаева Жибек | 9 «В» |
| 21 | Смаилова Шахноза | 3 «Г» | 49 | Есенбаева Балғерім | 9 «Г» |
| 22 | Жүсіпбекова Роза | 3 «Д» т/д | 50 | Өсерова Раушан | 10 «А» |
| 23 | Тоқболатова Раушан | 4 «А» | 51 | Сапарова Алеся | 10 «Б» |
| 24 | Сарсенова Гулзира | 4 «Б» | 52 | Төлебаева Жұлдыз | 10 «Г» |
| 25 | Маматкалова Нафиса | 4 «В» | 53 | Алиханбаева Муаттар | 11 «А» |
| 26 | Оспанова Мейрамкул | 4 «Г» | 54 | Жолдасова Бекзада | 11 «В» |
| 27 | Ибраймахунова Жами | 4 «Д» | 55 | Мусаева Акмарал | 11 «Г» |
| 28 | Қарымсақова Жадра | 4 «Е» т/д | | | |

**Пән кабинет үйірмелері төмендегі мұғалімдерден құрылуына ұсыныс берілді**

1. Қазақ тілінен – Смаилова Ш., Тажиева Ф.
2. Өзбек тілінен – Дустанова Р., Кадирова А.
3. Орыс тілінен – Орабаева Ж, Смаилова Г
4. Шет тілінен – Смаилов С, Абдразакова А.
5. Математика – Оразбаева Ж, Төлебаева Ж
6. Информатика – Бабакаланов А., Ибраймахунов Ш.
7. Физика – Есенбаев А.
8. Химия – Алиханбаева М
9. Тарих – Есимова Ж., Қулманова З.
10. Биология – Айымбетова А.
11. Дене шынықтыру – Орманов Н., Ерназаров Е
12. Технология , эн – Темірбаева Құрсан
13. Көркем еңбек – Раджапва А, Абдиев М
14. Бастауыш сыныптар - Талапова Н, Тоқболатова Р

**_Ақылы пән кабинеттеріне ұсыныс берілді**

1. Физика – Есенбаев А.
2. ЭЕМ – Бабакаланов А.
3. Мультимедиа – Ибраймахунов Ш.

4.Төртінші мәселе бойынша Үйден оқыту бойынша оқу жоспары, сабақ кестесі т.б. жұмыстарының ұйымдастырылуы турал директордың оқу ісі орынбасары К.Мустафаева сөз алды ,ол өз сөзінде *Білім алушыларды үйде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері жайында айтып өтті*
Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылады. Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз болып табылады. Үйде оқыту мерзімі баланың сырқатына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында көрсетілді.
Биылғы 2022-2023 оқу жылында мектебімізде 5 оқушы үйден оқытылуға бекітілетін болады : Түркістан облыстық №2 психологиялық-медициналық педагогикалық кеңес беру мекемесінің жолдамасы және дәрігерлік кеңес беру комиссиясының қортындысы негізінде

2022-2023 оқу жылында денсаулығы нашар төмендегі 5 оқушы

1. «А» сынып оқушысы Алимжанов Фердаус Зафиржанович
2. 3 «А» сынып оқушысы Бахтиярұлы Бағдаулет
3. 5 « А» сынып оқушысы Архабай Асылай Асхатқызы
4. 6 «А» сынып оқушысы Сайдалиев Сайдхан Бегимұлы
5. 10 «А» сынып оқушысы Ташкенбаева Сайда Хусниддинқызы

Оқу бағдарламаларын ескере отырып, мұғалімдерді жіберу, оқушыны негізгі және орта біліммен қамту, сабақ кестесін жасау мектеп директорларының оқу ісі бойынша орынбасарлары Р.Наурызбаева мен К.Мустафаеваға бекітілетінін атап айтты. Балаларға психологиялық қолдау, түзету дамыту жұмыстарын жүргізу мектептің арнайы мамандары психологтар К.Байтасова мен С.Туякбаеваға және дефектолог Б. Абдрахманға тапсырылатын болады. Үйде оқытылатын оқушының үйінде оқуға қажетті жабдықтар, оқулықтармен қамтамасыз ету жауапкершілігі мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Абдрахмановаға тапсырылатыны айтылды . Басқа да мәселелер бойынша айтып өтті

**ҚАУЛЫ:**

1. Мектептің 2021 - 2022 оқу жылында атқарылған жұмыстары қанағаттанарлы деп табылсын
2. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу жұмыстары жүйелі қадағалансын.
3. Күнтізбелік тақырыптық жоспарды, тәрбие жоспарын, таңдау курстары, факультатив, үйірме жоспарларын қарастырып бекітілсін
4. -әдістемелік кеңес құрамын және әдістемелік жұмыстың жоспары бекітілі
5. -әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері тағайындалсын
6. -жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалсын
7. -мұғалімдердің шығармашылық шағын тобын құрылсын
8. 1 «А» сынып оқушысы Алимжанов Фердаус Зафиржанович
   2. 3 «А» сынып оқушысы Бахтиярұлы Бағдаулет
   3. 5 « А» сынып оқушысы Архабай Асылай Асхатқызы
   4. 6 «А» сынып оқушысы Сайдалиев Сайдхан Бегимұлы
   5. 10 «А» сынып оқушысы Ташкенбаева Сайда Хусниддинқызы
   Оқу бағдарламаларын ескере отырып, мұғалімдерді жіберу, оқушыны негізгі және орта біліммен қамту, сабақ кестесін жасау мектеп директорларының оқу ісі бойынша орынбасарлары Р.Наурызбаева мен К.Мустафаеваға бекітілсін

№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ
4 қараша 2022 жыл әдістемелік кеңес
№ 2 хаттамасы

Қатысқаны : 128;

Себепті : 5

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. I тоқсан нәтижесі және мемлекеттік білім стандарты талаптарының пәндер бойынша орындалу қорытындысы. ДОІЖО
2. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылу жағдайы. Әлеуметтік педагог
3. Педагог кадрларды аттестаттау барысы, біліктілік курстарынан өтудің даму жоспары туралы ДОІЖО
4. Мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың мектепке бейімделуі ДТЖО
5. «Күнделік» электронды журналының жүргізілуі . ДОІЖО
6. Әр түрлі мәселелер

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Р.Наурызбаева – директордың оқу ісі орынбасары: Педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды. Алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды қорытындылады.

**Сөйлегендер:**

Бірінші мәселе бойынша директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Наурызбаева сөз алды.Ол өз сөзнде 1-тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасына тоқталды
Білім сапасы бойынша 5б, 5в, 6ә, 6в, 6г, 7б, 7в, 8а, 8б, 8в, 9б, 9в, 9г, 10а, 10б, 10в,11б, 11в сыныптарда білім сапасы 40 % - дан төмен екендігі анықталды. Өткен оқу жылымен салыстырғандағы динамика бойынша 5б сыныбы -4,2, 6ә сыныбы -12, 6г сыныбы – 8, 8в сыныбында -5,7 пайызға төмендеп кеткен. 6ә сыныбында 3 оқушы, 6б сыныбында 1 оқушы, 7ә сыныбында 1 оқушы, 9а сыныбында 4 оқушы, 9г сыныбында 2 оқушы, 10а сыныбында 1оқушы, 10б сыныбында 3 оқушы 1 пәннен қанағаттанарлық баға алып отыр. Ең жоғары көрсеткіш 9а класы 60,6 пайыз..

Аптасына 1 сағат болатын пәндерден БЖБ жұмыс алынды, тоқсандық баға II жарты жылдықта шығарылады. Қалған пәндерден БЖБ, ТЖБ жұмыстары алынған. Алынған жұмыстар бойынша тоқсандық баға шығарылды. Электрондық журнал толтырылды. Сыныптар бойынша есептер жасалды.. Негізгі пәндер бойынша оқушылардың үлгеріміне мониторинг жүргізу арқылы білім алушылардың білімін толықтыру және әлсіз тұстарын жою жұмыстары жүргізіліп отырды. Білім алушылардың білімдеріндегі ақтандақтарды жою алдын алу бойынша атқарылған пән мұғалімдерінің жеке жұмыстарына тоқталып, талдау жасады. Сыныптар бойынша төмендегідей сапа көрсетті:

Мектебімізде жалпы оқушылар саны: **1152** Оның ішінде:1 сыныптарда - 247; 2-4 сыныптарда - 322; 5-9 сыныптар - 465; 10 -11 сыныптар – 118;
Үйде оқытылатын оқушы – 5, 1 сыныпта 1 оқушы үйде оқытылады, 3 сыныпта 1 оқушы үйде оқытылады, 5 сыныпта 1 оқушы үйде оқытылады, 6 сыныпта 1 оқушы үйде оқытылады 10 сыныпта 1 оқушы үйде оқытылады.

## Токсан бойынша үлгерімнің сандық талдауы(2-4 сынып оқушылары)

| Үлгерімі «5» оқушылардың жалпы саны | Үлгерімі «4 пен 5» оқушылардың жалпы саны | Үлгерімі бір ғана «4» оқушылардың жалпы саны, пәні | Үлгерімі бір ғана «3» оқушылардың жалпы саны, пәні |
|---|---|---|---|
| **46** | **131** | **26**<br>Ағылшын тілі-8<br>Орыс тілі-7<br>Математика -1<br>Қазақ тілі-6<br>Өзбек тілі2 | **22**<br>Ағылшын тілі-8<br>Орыс тілі-6<br>Қазақ тілі-4<br>Өзбек тілі-2<br>Әдебиет оқу-2 |

## Токсан бойынша үлгерімнің сандық талдауы (5-9 сынып оқушылары)

| Үлгерімі «5» оқушылардың жалпы саны | Үлгерімі «4 пен 5» оқушылардың жалпы саны | Үлгерімі бір ғана «4» оқушылардың жалпы саны,пәні | Үлгерімі бір ғана «3» оқушылардың жалпы саны,пәні |
|---|---|---|---|
| **19** | **134** | **15**<br>Қазақстан тарихы -1<br>Ағылшын тілі -2<br>Орыс тілі, әдебиеті-5<br>Химия -4<br>Биология -1<br>Қазақ тілі,әдебиеті- 2 | **52**<br>Жаратылыстану- 6<br>Қазақстан тарихы -8<br>Ағылшын тілі -10<br>Орыс тілі, әдебиеті-6<br>Химия -6<br>Өзбек тілі – 2<br>Өзбек әдебиеті -4<br>Биология -1<br>Физика -1<br>Алгебра – 1<br>Геометрия -1<br>Қазақ тілі,әдебиеті- 1<br>Математика -5 |

## Токсан бойынша үлгерімнің сандық талдауы (10-11 сынып оқушылары)

| Үлгерімі «5» оқушылардың жалпы саны | Үлгерімі «4 пен 5» оқушылардың жалпы саны | Үлгерімі бір ғана «4» оқушылардың жалпы саны,пәні | Үлгерімі бір ғана «3» оқушылардың жалпы саны,пәні |
|---|---|---|---|
| **1** | **35** | **4**<br>Алгебра және анализ бастамалары -1<br>Қазақстан тарихы -1<br>Физика -1<br>Орыс тілі ,әдебиеті-1 | **10**<br>Қазақстан тарихы -4<br>Орыс тілі, әдебиеті-1<br>Химия -1<br>Ағылшын тілі -1<br>Дүние жүзітарихы -1<br>Физика -1<br>Информатика -1 |

## Пән бойынша білім сапасына талдау

| № | Пән атауы | I тоқсан білім сапасы | Орта балы |
|---|---|---|---|
| 1 | Математика | 60,2 | 3.8 |
| 2 | Физика | 62,4 | 3.8 |
| 3 | Информатика | 61,3 | 3,8 |
| 4 | Биология | 53,4 | 3.6 |
| 5 | Химия | 67,3 | 3,8 |
| 6 | География | 69,7 | 3,9 |
| 7 | Қаз.тарихы | 63,5 | 3,8 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Дүние жүзі тарихы | 57,4 | 3,6 |
| 9 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 60,2 | 3,8 |
| 10 | Орыс тілі мен әдебиеті | 69,4 | 4,0 |
| 11 | Өзбек тілі | 62,3 | 3,9 |
| 12 | Өзбек әдебиеті | 65,2 | 4,0 |
| 1 | Әдебиеттік оқу | 65,3 | 4,0 |
| 2 | Математика | 60,2 | 3,8 |
| 3 | Жаратылыстану | 65,2 | 3,8 |
| **Жалпы** | | **62,4** | **3,8** |

1- 4 сыныптарда жалпы бала саны 322 , 46 үздік -12,9 %, үлгерімі жақсы 131- 40,47% , үлгерімі орташа 145- 46,6%.
5- 9 сыныптарда жалпы бала саны 465 , 19 үздік – 3,98 %, үлгерімі жақсы 134 - 28 ,79% , үлгерімі орташа 312 - 67,24 %.
10– 11 сыныптарда жалпы бала саны 118 , 1 үздік – 0,66 %, үлгерімі жақсы 35 - 30 ,44% , үлгерімі орташа 81 - 68,2 %.

**Барлығы: 66** оқу үздігі, **300** оқу озаты .I тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапа 40,44%

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылу жағдайына талдау жасады. (анықтама қоса жалғанады). Еліміздің президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деп атап өтті. Сонымен қатар мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс» деп белгілеп өтті. Мектебімізде инклюзивті білім берілетін 4 сынып бар олар 1 «Д»- сынып, 2 «Д» -сынып, 3 «Д»-сынып , 4 «Д» сынып, оларға білім беретін ұстаздар арнаулы курстардан өткен мамандар екенін айтып өтті.Барлық білім беру ұйымдарында инклюзивті практиканы инклюзивті саясат пен инклюзивті мәдениет негізінде дамыту қажет. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды инклюзивті педагогиканың негізгі принциптерін терең түсінбей жалпы білім беру процесіне қосу мүмкін емес екенін айтты. Инклюзивті білім берудің сегіз принципін еске түсірсек:

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктерімен өлшенбейді.
2 . Әрбір адам сезінуге, ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа түсуге құқылы.
4. Барлық адамдар бір-біріне мұқтаж.
5. Шынайы қарым-қатынас негізінде ғана сапалы білім алуға болады.
6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Кез келген адамның жетістіктері қолынан келетін істерімен өлшенуі тиіс.
8. Әртүрлілік адамды тек дамыта түседі.

Инклюзивті білім беруге сәйкес барлық балалар ақыл-ой немесе физикалық дамуына; мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни ерекшеліктеріне қарамастан құрдастарымен тең дәрежеде жалпы білім беретін мектепте білім алуға құқылы екенін оларға барлық жағдайлар жасалғанын айтты

. Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары А.Бегайс сөз алды. Ол Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің

... негізі» атты жолдауында берілген тапсырмасын орындау мақсатында **үш жылда кемінде бір** ... педагогтердің біліктілігін арттыруға қатысты «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына өзгерістер енгізілді. Осыған орай мектебіміздегі пән мұғалімдері өз кезегімен біліктілік арттыру курстарына жіберіліп отырғанын айтып өтті. Мектебімізде курстан өту перспективалық жоспары 2020- 2025 оқу жылдары аралығында түзілгенін айтып өтті.

2022-2023 оқу жылында аттестатталанатын педагогтердің жұмыстарын үйлестіру тәртіптерін айтты. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 12 карашадағы №561 бұйрыққа қосымша Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына тоқталды. Сонымен қатар педагогтардың Е-портфолио жұмыстарын ұйымдастыру туралы хабарлама жасап, пән мұғалімдерінің біліктілік курстардан өтудің даму жоспарын қайта қарады Төртінші мәселе бойынша тәрбие ісі орынбасары Н.Сапарбеков сөз алды, ол мектепке жаңадан қабылданған оқушылардың мектепке бейімделуі жайында айта келе 2022 – 2023 оқу жылының 1 – тоқсанында келген, кеткен оқушылар жайында айтып өтті. Жаңадан келіп қабылданғандар арасында бейімделуі барысында жалпы ата-аналар жиналыстары, білім алушылар жиналысы өткізіліп, барлық сынып бойынша мектептің ережелерімен таныстырылып, міндеттері туралы нақты айтылды. Күн сайын сынып жетекшілер ата-аналармен, білім алушылармен тығыз байланысып, апта сайын мектеп әкімшілігіне бейімделу барысындағы тәртіптері туралы баяндап отырды. Мектеп әкімшілігімен, психологпен, ұстаздар, ата-аналар арасындағы тығыз байланыс, жаңадан келіп қабылданған білім алушылардың ортаға төселуіне көп ықпалын тигізіліп отырғаны жайында айтты.

. Келесі мәселе бойынша директордың оқу ісі орынбасары К.Мустафаева сөз алды «Күнделік» электрондық жураналының жүргізілу барысына тоқталып өтілді. Қазіргі таңда журналдың жүргізуі 92,72 уақытылыжүргізілуі -89,38 пайызды құрап тұр. Осы пайызды 100 пайызға жеткізу үшін кейбір мұғалімдерге ескертулер айтылып, уақытылы жүргізілуін талап етілді. 2-тоқсанға сабақ кестесі енгізілді. Әр пән мұғалімдері екінші жарты жылдық бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарды реттеп сабақ кестесіне үйлестіру керектігі айтылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. I тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылып, оқушылардың білім сапасын көтеру қадағалансын;
2. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сапалы жаттығуларын жасау арқылы психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары жандандырылсын.
3. Мектеп тренерлерінің, педагогтардың біліктілігін арттыру жұмыстарын талапқа сай жүргізуі бақылауға алынсын.
4. Бір пәннен «3», «4» ке шыққан білім алушылардың білім сапасын көтеру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
5. Білім шығындарының орнын толтыру үшін жекелеген пәндерден өткізілетін консультациялардың жүргізілуі қатаң бақылауға алынсын.
6. Мектепке жаңадан қабылданған білім алушыларының бейімделуі барысындағы жұмыстар «қанағаттанарлық» деп табылып, әрі қарай да ата –ана мен мектеп арасындағы бірлескен жұмыстарды жүргізу нығайтылсын.
7. Білім алушылардың өткен оқу тоқсаны бойынша білімін толықтыру бойынша оқушыларды оқыту жұмыстары нығайтылсын.
8. «Күнделік» электронды журналының жүргізілу жұмыстары жүйелі қадағалансын.

Жиналыс төрайымы: Р.Наурызбаева

Хатшы Б.Есенбаева

**№ 8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ**

**6 қаңтар 2023 жыл №3 хаттама**

**Қатысқандар: 145**
**Қатыспағандар: 8 (себепті)**

**КҮН ТӘРТІБІ :**

1. 2-тоқсан қорытындысы, білім сапасы, бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары туралы. *ДОІЖО*
2. «1-жартыжылдықтағы мектеп әдістемелік жұмысының нәтижелілігі» жұмысын талдау, мониторинг жүргізу

*Белсенді сабақты жоспарлау неден басталады ?.
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Алепова
*Орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша 2022-2023 оқу жылының 1-*жарты жылдық* қорытындысы БЖ Г. Смаилова
*Бастауш сыныптар бойынша 2022-2023 оқу жылының 1-жарты жылдық қорытындысы Бастауыш сынып БЖ: Г.Сарсенова

3. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің шығармашылық есебі
4. Аудандық пән олимпиядасының қорытындысы ДОІЖО

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Р.Наурызбаева – директордың м.у.а: педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүтінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды.

**Сөйлегендер:**

Бірінші мәселе бойынша директорды оқу ісі жөніндегі орынбасары – Р.Наурызбаева сөз алды. Ол өз сөзінде II тоқсан соңындағы қорытынды бойынша барлығы **1137** білім алушы, оның ішінде 1-4 сынып – 556 оқушы; 5-9 сынып – 462 оқушы; 10-11 сынып – 118 оқушы; 6 оқушы үйден оқиды.

2022 – 2023 оқу жылында 2 – тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың білім, білік, және дағдылар сапасының жай –күйі жайында айтып өтті.

Тоқсандар бойынша оқу үлгерімі динамикасы мен білім сапасы

| **1-ші тоқсандағы оқу үлгерімі %** | **2-ші тоқсандағы оқу үлгерімі %** | **Динамика** | **1-ші тоқсандағы оқу сапасы %** | **2-ші тоқсандағы оқу сапасы %** | **Динамика** |
|---|---|---|---|---|---|
| 100% | 100% | 0% | 40,44% | 41,07% | +0,63% |

Бірінші тоқсан мен екінші тоқсан арасында білім сапасыны + 0,63 %-ға артқан.
Ұсынымдар : Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім сапасы менеджменті жүйесін құру. Олимпиадаға, конкурсқа, түрлі деңгейдегі іс-шаралаға қатысушылар санын арттыру арқылы қызығушылықтры мен ынтасын арттыру.

Оқу үлгерімідегі бір ғана «4» түскен 36 оқушы және бір ғана «3» түскен 93 білім алушылармен жұмыс жоспарын түзіп, қай пәндерден екенін анықтап қосымша сабақтар жүргізу. Оқу үлгерімі төмен оқушылармен мақсатты жұмыс жүргізу сынып жетекшілерімен пән мұғалімдерне ескертілуін қолға алу

Бірінші тоқсан мен екінші тоқсан арасында білім сапасыны 2-ші сыныптарда -2,71 кеміген , 3-ші сыныптарда -6,75 %-ға кеміген, 4-ші сыныптарда -0,39%-ға төмендеген.
Ұсынымдар: бастауыш сыныптарда білім сапасын арттыру бойынша жоспар түзіліп,сынып жетекшілер мен бірге пән мұғалімдері қосымша сабақтар ұйымдастыру,оқушы зейінін ашу үстінде жұмыстар жүргізу. Үздіктер мен екпінділер санын арттыру.

Бірінші тоқсан мен екінші тоқсан арасында білім сапасыны 5-ші сыныптарда +11,37%-ға артқан, 6-шы сыныптарда + 0,62%-ға артқан, 7-ші сыныптарда +7,22%-ға артқан, 8-ші сыныптарда -0,85% кеміген , 9-шы сыныптарда -1,25%-ға кеміген.
Ұсыныстар: негізгі орта сыныптарда білім сапасын арттыру бойынша жоспар түзіп сынып жетекшілер мен бірге пән мұғалімдері қосымша сабақтар ұйымдастыру,оқушы зейінін аяу үстінде жұмыстар жүргізу. Үздіктер мен екпінділер санын арттыру

Екінші мәселе бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Алешова сөз алды,ол Белсенді сабақты жоспарлау неден басталады тақырыбын қозу ... қылады

Белсенді сабақты жоспарлау неден басталады?

2022 ғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығына сәйкес Қысқа мерзімді жоспардағы өзгерістер Сабақ – педагогикалық туынды. Мұғалімнің көзге көрінетін негізгі жұмысы. Әрбір сабақта педагогикалық үдеріс бар:Оқыту, Дамыту, Тәрбиелеу Мұғалім сыныпқа кірмей тұрып алдымен сабаққа дайындалады. Қазіргі мұғалімге қойылатын басты талап –сабақ белсенді өтуі керек.

Белсенді сабақты жоспарлау неден басталады? Бірнеше бөлікке бөліп көрсетейін. ***Мұғалім алдымен дайындық жұмыстарын жасайды:***

- оқубағдарламасынан, орта мерзімді жоспардан осы сабақты белгілейді;
- оқумақсаттарына байланыста сабақтың тақырыбын,мақсаттарын анықтайды;
- тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдармен түсініктерді зерделейді;
- өткен және келесі сабақтарға шолу жасап,осы тақырыппен байланысын анықтайды: бүгінгі сабақты қалай байланыстырамын? деген сұраққа жауап іздейді.

***Келесі кезекте*** **сабақтыңжоспарын** жазады. Белсенді сабақты жоспарлаудың қадамдары:

- ✓ Оқу мақсатынан (кодталған) сабақтың мақсатын шығару;
- ✓ Бағалау критерийлерін анықтау(бүгінгі сабақта нені бағалаймын деген сұрақтың жауабын жазу);
- ✓ Оқу материалының мазмұнын саралау;
- ✓ Оқыту әдістерімен тәсілдерін таңдау;
- ✓ Оқушылардың сабақта жұмыс істеу формасын (жеке, жұптық, топтық)анықтау;
- ✓ Бағалауға арналған тапсырмаларды дайындау;
- ✓ Әр тапсырманың дескрипторын, бақылау,бағалау түрін белгілеу;
- ✓ Үйге берілетін тапсырмаларды таңдау;
- ✓ Сабақты қорытындылауға қажетті сұрақтарды дайындау;
- ✓ Кері байланыс, рефлексияны ұйымдастыру.

Белсенді сабақта *жеке, жұптық, топтық, бүкілсыныптық* жұмыс көрінуі керек. Себебі белсенді сабақта Оқушылардың әрекеті *танымдық, коммуникативтік* және *өзін-өзі басқару* тұрғысында көрінеді.

Сабақты жоспарлауда алдымен сабақтың тақырыбына емес, оқу мақсатына назар аударамыз. Себебі оқу мақсаттары оқушының нені үйренетінін, ал мұғалімнің нені бағалайтынын көрсетеді. Егер мұғалім сабақ соңында оқушының неге қол жеткізу керектігін білмесе, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалай алмайды. Сондықтан бағалау критерийлері қажет. Бағалау критерийлерін оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар деп қарастырған дұрыс.Мұғалім бағалау критерийлерін нақты анықтамаса, онда қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізе алмайды.

Сабақты жоспарлауда мұғалім белсенді оқу әдістерін ұтымды қолданса,оқушы оқумақсаттарына қол жеткізеді.Сабақтың табысты шығуына әсер ететін факторлар да

бар :мұғалімнің жағымды психологиялық орта орнатуы,оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру.

Үшінші мәселе бойынша орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша 2022-2023 оқу жылының 1-жарты жылдық атқарылған жұмыстары жайында сөз алған Г.Смаилова.

Оқу жылының бірінші жарты жылында жоспарланған 3 бірлестік отырысы және кезектен тыс 1 бірлестік отырыстары өткізілді. Отырыстарда келесі сұрақтар бойынша мәселелер қаралды :

- Күнтізбелік – тақырыптық жоспар бойынша жұмыс .
- Орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша олимпиадаға дайындық.
- Пән бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы.
- 2022-2023 оқу жылындағы орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша ҮЕЖ, ҒЖБ жұмыстарын түзу және алу жоспары.

Қыркүйек айында Тілдер мерекесіне арнап «Тіл- достығымыздың алтын көпірі» тақырыбында іс-шара өткізілді.Орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі 6-8 сыныптар арасында «Знатоки казахского,русского и английского языка» тақырыбында интеллектуалды ойын,билер , көрмелер ұйымдастырды.

22-ші қыркүйек Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесіне арнап, орыс тілі бірлестігі 3-4 сыныптар арасында «Люби,знай русский язык» және 6-7 сыныптар арасында «Мой любимый русский язык» тақырыбында сайыстар өткізді. Бірлесік отырысында пән мұғалімі Ж.Джусабекова «Полиязычное образование- перспективы и проблемы» тақырыбында дөңгелек стол ұйымдастырып,оз тәжірибесін басқа да мұғалімдермен бөлісті.

12 қазан күні өткізілген аудандық шығармашылық эссе байкауына 10 «А» сыныбының оқушысыА.жұмағали (жетекшісі Ж.Оразбаева ) қатысып,алғыс хатқа ие болды.

27 қазан күні пән бойынша 9-11 және 5-6 сыныптар арасында мектепішілік олимпиада өткізілді. Олимпиадаға жалпы 27 оқушы қатысты. Жеңімпаз оқушылар ,9-11 сыныптар арасынан А.Жасұзақ және С.Шаукатова,5-6 сыныптар арасынан Қ.Алтыбай және А.Әкім аудандық олимпиадаға жіберілді.Нәтижесінде, 5 «А» сынып оқушысы А.Әкім( пән мұғалімі Л.Абуова) аудандық олимпиададан алғыс хатпен оралды.

